



**Ғұмар Қараш және
ОНЫҢ
ШЫҒАРМАШЫДЫҒЫ**

Жоспар:

Кіріспе.....	3 бет
Негізгі бөлім	
а) Туып өскен ортасы.....	6 бет
ә) Ғұмар – журналист	8 бет
б) Ғұмар және Алашорда.....	11 бет
в) Ғұмар және Кеңес үкіметі.....	13 бет
г) Ғұмар – ұлттың көсемі.....	15 бет
Қорытынды	17 бет
Пайдаланылған әдебиеттер.....	18 бет

Кіріспе

Ғұмар ҚАРАШ(1875-1921) – көрнекті ақын, ойшыл-философ, халқын өнер мен ғылымға, берекелі ел болуға үндеген қайраткер-ағартушы, дін-шариғат, имандылық жолын, араб, парсы, түрік, татар, башқұрт тілдерін жетік білген ғұлама-ахун, өз дәуіріндегі мерзімді баспасөзге қазақ елінің көкейкесті мәселелері хақында үзбей ой толғаған қаламгер, «Қазақстан», «Дұрыстық жолы» сияқты газеттер мен «Мұғалім» журналын шығару үшін қызу атсалысқан баспасөз жанашыры.



Оның 1910-1918 жылдарда Қазан, Үпі (Уфа), Орынбор қалаларынан «Ойға келген пікірлерім», «Бала тұлпар», «Қарлығаш», «Өрнек», «Тумыш», «Бәдел-хажы», «Аға тұлпар», «Тұрымтай» сияқты өлең кітаптары мен прозалық-философиялық толғаныстары жарық көрді. Сонымен қатар ел аузында жүрген ақын, жыраулар мұрасын, эпостық жырларды жинап, жариялауда елеулі істер атқарды. Қазақстанның батыс өңіріне тараған батырлық жыр мұраларды жинастырып, 1910-1912 жылдары Орынбор қаласынан «Шайыр», яки қазақ ақындарының басты жырлары», «Көксілдер», яки бұрынғы мырза ұлы һәм ноғайлы батыр-лары уа ғайри мағыналы жырлар» деген екі жинақ шығарады. «Шайыр» жинағына Байтоқ, Жанұзақ, Доспамбет, Қазтуған, Шөлгез, Әсет, Шәңгерей шығармаларын, шешендік сөздер мен «Ер Шобан», «Әділ сұлтан» сияқты жырларды – жиырмадан аса әдеби мұраны топтастырған.





Ғұмар Қараш ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ даласына кең тараған «Айқап», «Мұғалім», «Шора» журналдары мен «Қазақстан», «Ұран», «Дұрыстық жолы», «Қазақ дұрыстығы» сияқты газеттерде сол дәуірдің көкейкесті мәселелері хақында өлеңдер мен мақалалар жариялап, мерзімді баспасөз бетінде жиі көрінеді.

Негізгі бөлім:

I. Туып-өскен ортасы

«Ғұмар Қараш 1875 жылы бұрынғы Бөкей ордасындағы Таловка қисымында №2 старшындықтағы Құрқұдық тұрағында дүниеге келген. Ол Қараштың алты ұлының үлкені» деп жазады белгілі тарихшы Исатай Кенжәлиев өзінің «Ғұмар Қараш» атты кітабында. Бұл 1920 жылы көкек айында Ғұмардың өз қолымен жазылған «Тіркеу карточкасынан» алынған дерек. Бұл өңір қазіргі Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек ауданына қарайды.

Ғұмардың руы – Кіші жүз құрамына кіретін ноғай-қазақ. Оның ішінде қояс, одан Оразақай. Әйгілі Шөлгез жырау Тіленшіұлы Ғұмардың түп атасы делінеді.

Ғұмар әкеден жастай жетім қалса да, ауқатты ағайындары арқасында қатарынан қалмай білім алған – әуелі ауыл молдасынан оқып, хат танып, сауат ашады. Кейін Ғұмар Жазықұлы, Ысмағұл Қашғари сияқты молдалардан, Жалпақтал (Фурманов) елді мекеніндегі Ғұбайдолла Ғалікеев хазіреттен дәріс алғаны айтылады. Исатай Кенжәлиев Ғұмарды жас кезінде сол өңірдегі 1 кластық орыс-қырғыз училищесінде оқуы да мүмкін дейді. Өйткені Ғұмардың жастайынан татар, орыс, араб, парсы тілдерін жетік меңгерген. «Ғұмар Қараш» атты кітап жазған зерттеуші Мақсат Тәж-Мұраттың еңбегінде кейіпкеріміздің Уфадағы «Ғалия» медресесінде, тіпті Стамбұлда оқығандығы туралы деректер бар екенін ортаға салады. Алайда бұл мәліметтерді нақтылайтын тарихи құжат әзірге табылмаған.

И.Кенжәлиев Ғұмардың 17 жасынан-ақ молда болып, 1892-1898 жылдары туған жері Құрқұдықта бала оқытқанын айтады. 1902-1910 жылдары да өзі туып өскен ауылында, Тіленшісай, Борсы мекендерінде жәдитше (жаңаша) бала оқытқаны белгілі.



II. Ғұмар – журналист

«Ғұмардың қоғамдық-саяси белсенді қызметі дәл қай кезден басталған?» – деген сауалға Есмағамбет Ысмағұлов, Исатай Кенжәлиев, Мақсат Тәж-Мұрат секілді зерттеушілер-дің қай-қайсысы да кеңірек тоқталған. Әрине, ХХ ғасырдың бас кезіндегі қоғамдық-саяси ахуал қазақ даласына әсер етпей қоймады. Соның ішінде арабша, түрікше, татарша, қазақша басылымдарды оқып, заман, дәуір жайын аңғара бастаған Ғұмар әдеби, тарихи, пәлсапалық кітаптарды іздеп жүріп оқыған. Ислам қағидаларын жетік білетін Ғұмар дүниелік ғылымдардан да жақсы мағлұмат алған. 1907 жылдардан бастап ол қазақ, татар тілдерінде шығатын газет, журналдарда мақалалары мен өлендерін жариялайды. Ол елдің әлеуметтік өміріне араласып, халық мұратын көздейтін істерге белсене атсалысады. Бұған куә – оның 1911-1913 жылдарда әуелі Ордада, кейін Оралда шығып тұрған «Қазақстан» газетін шығаруға, оның жұмысын жолға қоюға белсенді қызмет етуі

Ғ.Қараш 1918 жылы Ордада ұйымдастырылған, айына екі рет шығатын «Мұғалім» атты тәлім-тәрбие, ғылыми-пән журналының шығарушылар алқасын да басқарған. Бұл – тұңғыш қазақ кеңес педагогикалық журналы еді. Ғ.Қараш осы журналда «Педагогика» атты еңбегін жариялайды. Ғұмар Қараштың «Айқап», «Шора» журналдары мен «Қазақ», «Ұран», «Дұрыстық жолы», «Қазақ дұрыстығы» сияқты газеттерде өз дәуірінің көкейкесті мәселелерін толғайтын өлеңдер мен мақалалар жариялап, мерзімді баспасөз бетінде жиі көрінгені оның белсенді позициясын айқындай түседі. Ол баспасөзді – қараңғы қазақтың көзін ашатын жалғыз шырақ, құрал деп түсініп, күні-түні қызмет етті. 1911 жылы «Қазақстан» газетінің алғашқы санында жарық көрген «Газет деген не зат?», «Газет не үшін керек?» атты мақалаларында Ғұмардың ағартушылық мұраты анық көрінеді.





Әрине, кеңес өкіметі билік құрған жылдары Ғұмар Қараш – тыйым салынған тұлға, оның шығармашылығы – жабық тақырып болды. Тек 1988 жылдан бастап қана оның өмірі мен қызметін ашық зерттеуге жол ашылды. Әйткен-мен, арада өткен ширек ғасырда әлі жарық түспеген ақтаңдақ көп. 1994 жылы Қабиболла Сыдиықовтың құрастыруы-мен жарық көрген Ғұмар Қараш шығармаларының «Замана» жинағына кірмеген өлеңдер, мақалалар әлі де көп.



III. Ғұмар және Алашорда

Ғұмар 1917 жылғы ақпан төңкерісіне және «Алаш» партиясына үмітпен қарайды. Оның 1918 жылы «Тұрымтай» жинағында жарияланған «Көреміз бе?», «Келер ме екен?», 1918 жылы 22 қаңтарда «Сарыарқада» жарық көрген «Алаштың азаматтарына» деген арман мен үмітке толы өлеңдері осы кезеңде жазылады.

Ғұмар Қараш 1917 жылы мамырда Ордада өткен Бөкей қазақтарының жалпы съезіне қатысады. Делегаттар ақынды Мәскеуде болатын Ресей мұсылмандары съезіне өкіл етіп жібереді.

«Революция басталған кезде Ғұмар Қарашев Уфада болатын. Ол сондағы муфтиаттың (діни мекемелер орталығы) IV бөлімін басқарды. Бөлім міндеті – медресе шәкірттері мен жоқ-жітік балаларға жәрдем беру, оларды оқыту шараларын ұйымдастыру еді» – деп жазады Салтанат Ысмағұлова «Қиын да сұлу тағдыр» атты мақаласында («Жалын» журналы, №3, 1989 ж)

1917 жылғы 5-13 желтоқсан аралығында Ғұмар Орынборда өткен жалпы қазақ съезіне шақырылып, сонда тартымды баяндама жасайды. Сәбит Мұқановтың «Омар – Алашорда партиясының үкімет молдасы болды» дегені оның осы кезеңін меңзей айтылған сөз. Сәкен Сейфуллин де «Тар жол, тайғақ кешуде» «сиез төрағасының төрт серігінің бірі – Омар Қарашұлы» деп кесіп айтады. Ғұмар өмірінің осы кезеңіндегі көңіл күйі оның 1918 жылы жарық көрген «Тұрымтай» жинағындағы «Көреміз бе?», «Келер ме екен?» өлеңдерінен байқалады

IV. Ғұмар және Кеңес

үкіметі

«Халыққа қызмет етуді өмірінің мақсат-мұраты санаған ақын 1918 жылы діни мансабын біржола тастап, елге нақты қызмет ету, әлеуметтік өмірге белсене араласу жолына ойысады. Сөйтіп, туған елі Жәнібекке келеді. 1918 жылғы 24-қыркүйекте болған Бөкей губерниясы мұғалімдерінің I съезіне және 1918-1920 жылдарда өткен сол губерния кеңестерінің I, II, III, IV съездеріне делегат боп қатысады. Съездерде жарыссөзге шығып, өз пікірін ашық айтады. Ол осы жылдарда жаңа кезеңді насихаттайтын «Екеуі екі басқа» мақаласын, «Дұрыстық жолы», «Жаңа жыл құтты болсын» сияқты өлеңдерін жазады» дейді «Замана» жинағында Қ.Сыдықов Ғұмар Қараш өмірінің соңғы кездері туралы.



Оқырман «бір кездері молда болған, шарифатқа жетік Ғұмар Қараш енді қызыл коммунистке айналып, өзінің ішкі қағидаларына қарсы шыққан екен» деген ой түймеуі керек. Ғұмар Қараш – әрқашан да өз ұлтының жанашыры еді. Оның әр қызметі – ұлтының табанына ұлтарақ болып, бір қажетіне жарауға ұмтылу болатын. Большевиктер сапына кіріп, кеңес жұмысында жүрген Ғұмарды қызыл казактардың бандасы Ефим Панченко бастаған тобыр 1921 жылы 12 сәуірде Құнаншапқан деген жерде қылышпен турап өлтіреді. Ал Ғұмардың ұлтжанды туындылары «социалистік реализмге сүйенген қазақ совет әдебиетіне» сәйкес келмегендіктен алпыс жылдан аса архивтен шығарылмады

Ү. Ғұмар – ұлттың көсемі

Ғұмар Қараш – әртүрлі мерзімді баспасөз беттерінде көп жазған қаламгер. Қазан төңкерісіне дейін-ақ бірнеше кітап шығарып, халық арасында өте танымал болған Ғұмар өз заманында қазақ үшін Абайдан кейінгі рухани тұлға, ойшыл қаламгер ретінде мойындалған болатын.

Ақынның мезгілсіз қазасы хақында «Қазақ тілі» (1921, № 136) газеті: «Ғұмардың атын Россиядағы қазақ елі түгел біледі деп айтсақ та өтірікші болмаймыз. Қазақ еліне білімді, пікірлі қызметкерлердің өте керек болып тұрған заманында Ғұмар сияқты зор ғалымның қашқындар қолынан қылышпен кескіленіп өлтірілуі жанды күйдіреді, жүрегімізге от жағады», – деп жазыпты. Бұл жерде де Ғұмар Қараш «зор ғалым» ретінде сипатталған

«Орыстың ұлы ойшылы Лев Толстой мырза «Аштықтан өлім хәліне жеткен арық, әлсіз бір сиырдың мүйіздерін әшекейлеп, құйрықтарын тарап, сылап-сипаудан қандай пайда келер еді?» деген. Құр тас үйлерді әшекейлеп сала бергеннен гөрі, оның ішіндегі адамдарға жақсы тәрбие бергені ләзім. Бір бай үлкен мешіт салдырғаннан гөрі бір ұлттық мектеп салдырып, соған сабақ беретін мұғалімдер даярланса, қажетті кітаптар алынса, газет-журналдар шығарып, арзан бағамен сатса, арық сиырдың мүйізін әшекейлеуден гөрі, оны жемдеп, күйлендірген іспетті пайдалы іс болар еді» деп жазады Ғұмар Қараш «Ойға

келген пікірлерім» кітабында.
«Дүниядағы жан-жануарлардың тіршілігіне ілтифат салып қарасақ, талассыз тартыссыз тұрған заман көрінбейді: даладағы аңдар, ауадағы құстар, судағы балықтар бірін бірі жеуде, бірін бірі талауда, адам баласының тіршілігіне қарасақ талас-тартыстан бұлар да құр емес» – деп бастайды Ғұмар өзінің «Тіршілік таласы» мақаласында.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, Ғұмар Қараш өз заманында дін мен ағарту мәселесінің арақатынасын оңтайлы шешіп, схоластика мен жалған діншілдіктен арылудың жолдарын халқы үшін тиімді түрде шеше білгендігіне көз жеткізе аламыз. Ол қаншама қарсылықтарға тап болса да, өзінің ұстанымынан айнамаған, тек ұлты үшін қызмет етуді мақсат еткен тарихи тұлға ретінде танымал болып отыр.



Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1. Ғұмар Қараш. Көңілге Замана.-А.: Ғылым, 2000.-236б.*
- 2. Өзбекұлы С., Исмаилов А. Ғұмар Қараштың қоғамдық-саяси және құқықтық көзқарастары.-Алматы, 2005.-94б.*
- 3. С.Мұқанов. ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті. –Алматы: Атамұра, 2008. 384б.*

